

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№01 (465) 18 қаңтар 2019 жыл

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

ТҰҒЫШ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МЕМУАР-РОМАН ЖАРЫҚ КӨРДІ

Журналистика саласында жарты ғасырдан астам уақыт бойы қызмет етіп келе жатқан журналист-публицист, ғалым-ұстаз Сейдулла Садықовтың жуырда ғана «Тұран» баспасынан «Журналистика – тағдырым» атты мемуар-романы жарық көрді. Осылайша біз білетін ғалым Сейдулла жазушылық-қаламгерлік қырымен де жарқырай көрінді.

2 бетте

ЕЛБАСЫ ҚОРЫНЫҢ ҚОЛДАУЫ БІЗДІ ЖІГЕРЛЕНДІРДІ

Елбасы Қорының стипендианты атанғанда менің бойымды болашаққа деген сенімділік пен ертеңгі күні халық пен мемлекет алдында жауапкершілік күші биледі. Елбасы Қоры тарапынан мұндай қолдауға ие болу әр студент үшін үлкен жетістік.

3 бетте

АДАМДАР БІР-БІРІМЕН ТЕҢ ӨМІР СҮРЕ МЕ?

Ертең тобының қысқы сессияның бітуіне байланысты жасайтын отырысына қатысады. Ең бастысы ару қала Алматыға баратын болды. Жаннаның жаңа киіміне байғазы берді. Сіңлісі Жамал екеуі асханаға қарай бет алды. Әпсәтте бөлменің іші жарқырап, жатақханадағы студенттік өмір қызық болып көрінді.

Ия, өмір деген қызық. Кеше ғана жабырқау болған көңіліне еш нәрсе жұбанш болмай тұр еді. Ал, бүгін бақыттан басы айналды. Өмір кезек. Бір мезетте қуанышқа бөлеп, келесі бір сәтте тығырыққа тіреп жататыны қандай өкінішті!

3 бетте

МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУ ТАЛАПТАРЫ ӨЗГЕРДІ

Мұндағы басты өзгеріс – енді докторантураға түсу үшін халықаралық сертификат (IELTS, TOEFL және т.б.) талап етіледі. Докторантура талапкерлері үшін шет тілі бойынша тестілеуді енді Ұлттық тестілеу орталығы өткізбейді.

8 бетте

ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАРДЫ ҚОРҒАУ – АСЫЛ МҰРАТЫМЫЗ

Абайдың «дүниенің көрінбеген сыры» дегеніне келсек, ол – рухани құндылық еді. Біздің тылсым сырға толы рухани әлемімізді меңзеп отыр. Материалдық құндылықты бәрінен биік қойған дамыған мемлекеттердегі сана дағдарысының соңы экономикалық дағдарысқа алып келді. Қазіргі қаржы дағдарысы адамды экономикалық жағынан ғана емес, өз болмысы алдында өзін дәрменсіз етіп, нені құндылық санап, нені қарманарын білмей дағдартып отыр. Қазіргі әлем астан-кестен, атом, химиялық, биологиялық, сутегі қаруын жасап, бір-бірімен бәсекеге түсіп, жанталасуда. Бір соғыстың өрті басылмай жатып, екіншісі тұтанады, ым-расыз мүдделердің жанталаса қаруланып, жаңа қайшылықты ойлап табуына әлем халқының еті де үйреніп бара жатқандай.

Жуырда ғана Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі әлеуметтік-мәдени даму комитетінің «Тарихи-мәдени мұраны қорғау мен кеңінен танытуды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету» тақырыбында көшпелі отырысы өтті. Көшпелі отырысқа мәжіліс депутаттары - Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшелері, Түркістан облысы әкімінің басшылығы мен қызметкерлері, мемлекеттік органдардың, қоғам, мәдениет, археология ұйымдарының өкілдері, сарапшылар, Ахмет Ясауи университетінің ғалымдары, «Хабар» агенттігінің, «Егемен Қазақстан», «Оңтүстік Қазақстан» газетінің, «КазАқпарат» ақпараттық агенттігінің, «Оңтүстік», «Айғақ» телеарнасының және тағы басқа БАҚ өкілдері қатысты.

Тұрақты комиссияның көшпелі отырысына Әлеуметтік мәдени даму комитетінің хатшысы Бейбіт Мамраев модераторлық жасады. Жиында алғашқы болып сөз алған Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Түркістан шаһарының жаңа тыныс-тіршілігіне тоқталып, жаңа облыс орталығында орындалғаны отырған ірі өзгерістерге тоқталды. 2003 жылы 3 шілдеде әлемдік мұралар комитетінің 27-ші сессиясының



шешімімен Қазақстанда тұңғыш рет ЮНЕСКО тізіміне енген Ясауи кесенесі туралы, оның ерекше қорғалатын аумағындағы жоспарлы түрде бұзыла бастаған жеке тұрғын үй құрылыстары мен оның орнына салынатын жаңа сәулелі кешендерінің жобасы туралы баяндап берді. Орта Азия мен Қазақстан аумағында өркендеп, түрлі шапқыншылық кезеңдерде басқа елді мекендер сияқты тарих сахнасынан өшіп кетпей, қазіргі уақытқа дейін өмір сүріп келе жатқан саусақпен санарлық қалалардың бірі Түркістанды түлету баршамыздың асыл мұраттарымыздың бірі. Цитаделді толық аршып, реставрациялап, сондай-ақ консервациядан өткізіп, төбесін ұзақ жылдарға шыдайтын жабындымен жауып, туристер жүретін соқпақ жолдар жүргізіп, ашық аспан астындағы музейге айналдыру және ЮНЕСКО-ның «Әлемдік мұралар» тізіміне ұсыну – басты міндеттердің бірегейіне айналып отыр деп баян етті.

Келесі кезекте сөз алған Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министрі Ақтоты Райымқұлова Ахмет Ясауи кесенесі аумағындағы реставрациялық жұмыстар жобасына тоқталды. Халықаралық туризмді дамыту мақсатында 27 га аумақты алып жатқан «Күлтөбе» тарихи орнында жүргізілетін қазба жұмыстары, «Аспалы бақ» саябағы, кесененің төрт бағытындағы «Дарбаза», «Мүсәллә», «Тәкие», «Жеті Ата» қақпаларын қалпына келтіру жұмыстары түсіндіріліп өтсе, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрлігі Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының директоры Бауыржан Байтанаев тарихи ескерткіштердің статусы туралы, табылған кезден бастап оларды 3-5 жыл көлемінде тарихи құндылығын анықтап, оны мемлекет қорғауына алу кезек күттірмейтін міндет екендігі және ол жаңадан қабылданатын заңнан орын алуы тиіс екендігі туралы ой ербітті.

«Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейінің директоры Нұрболат Ахметжанов Қазақстандағы тарихи-мәдени мұралардың саны соңғы кезеңдерде 700-ден 24421 данаға артқандығы, олардың 11 мыңға жуығына тиімді пайдалануды, ұтымды басқаруды және оларды сақтау мен қорғау бойынша заң, әкімшілік шараларды қамтамасыз етуді талап ететін жалпыұлттық мәдени байлық болып табылатын тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесі берілгені, қазіргі уақытта қорық музей қызметкерлерінің күшімен 68 көрме ұйымдастырылғандығы жөнінде тұщымды әңгімелеп берді. Қазіргі таңда қорық музей өз беттерінше археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу үшін мәдениет және спорт министрлігінен лицензия да алған. Жүргізілген ұйымдастыру және абақтану жұмыстарының нәтижесінде кесенеге келген туристердің саны өткен жылы бір миллион үш жүз мыңға жеткен екен. Алдағы болашақта бұл межені бес миллионға жеткізу мүмкіндіктері де бар.

«Түркістандық туризмге» 362 әулиелі Маңғыстау да, ашық аспан

астында жатқан шығыстағы Берел де, Көлсай мен Шарын да, Бурабай да кіреді. Яғни, мұның аумағы бүкіл Қазақстан және Орталық Азияны қамтитын болады. Бұл сала да өз алдына бір тұщымды бүтін дүние болғалы тұр.

Археолог, тарих ғылымдарының докторы, Виктор Федорович Заиберт тарихи ескерткіштер туралы жаңа заңның қағидаларын өмірге ендіру үшін, ғылыми тұрғыдан тарихи зерттеулерді жүргізуге арналған мемлекеттік стратегия қажет екендігін мәлімдеді. Бұл тұрғыда атқарылып жатқан жұмыстардың тек бюджеттік не-

месе гранттық қаржымен шектеліп қалмауы керектігін, тарихи-археологиялық жұмыстарға жұмсалған қаржы жүйесіз түрде желге ұшпау үшін жалпы мемлекеттік бағдарламалар қабылдануы тиіс екендігін, ол бағдарламаға тек оңтүстік өңірдегі кесенелер келешегі қамтылып қана қоймай, республика аумағында мемлекеттік мұралар біртұтас жүйеленуі қажет екендігі, ал бұл өз кезегінде халқымызды жалпыұлттық патриотизмге жетелейтіндігі жөнінде ой қозғайды.

Мұнан кейін, бұл көшпелі отырысты Түркістан қаласында Ахмет Ясауи университетінде өткізуге мұрындық болған оқу орнының ректоры, профессор Болатбек Абдралиев сөз алып, қазіргі жауапты кезеңде көптеген ауқымды мәселелер алға қойылып отырғандығы және 2019-2023 жылдарға арналған университеттің стратегиялық жоспары туралы айта келіп, университет ғалымдары мен қызметкерлері жаңа облыс орталығындағы атқарылуы тиіс үлкен платформаларға дайын екендігін жеткізді. Ректор өкілі Жетісу Тоғар Ахмет Ясауи бабамыз бен Мәулана Жалаладдин Руми, Қажы Бекташ Уәли сияқты көрнекті руханият тұлғаларының түркі дүниесінде рөлі өте жоғары екендігін айта келіп, тарихи һәм мәдени мұраға деген өзінің биік көзқарастарын жеткізді. Бұл бағытта технологиялық өркениеттік ендірулермен қатар

(Басы. Соңы 2-бетте)

«ХЗМУ ХАБАРШЫСЫ» – КОМИТЕТ ҰСЫНАТЫН БАСЫЛЫМДАР ТІЗІМІНДЕ

Ғылыми журнал – университеттің бет бейнесі. Оқытушылардың ғылыми-зерттеулері мен ғылыми нәтижелерін жұртшылыққа таныстырып отыратын осындай басылымдар. Әлемде Australasian Science, American Scientist, Aktuel Naturvidenskab, Current Science, Наука и жизнь, Bilim ve Teknik сияқты танымал журналдар бар. Біздегі жаңа зерттеу жұмыстарын сарапта салып, талқылауға және ғылыми айналымға ұсынатын таңдаулы журналдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің базасына енеді. Ондай басылымдар санаулы. Сондықтан Комитет ұсынған басылымдарға мақала жариялау оңай емес. Мақаланың ғылыми негізі, ғылыми жаңалығы болмаса, мұндай басылымдар еңбегіңізді қайтарып тастайды. Терең сараптан өтіп, ғылымға қосар үлесі анықталғанда ғана басылым бетінен орын алады.



Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде бірнеше ғылыми журналдар жарық көреді: «Bilig», «Хабаршы», «Туркология», «AsyaAvrupa», «ХҚТУ хабарлары». Мәселен, университет Өкілетті Кеңесінің құрылтайшылығымен Түркияда жарық көретін «Bilig» журналы Web of Science, Scopus библиометрикалық деректер базасына енген. Жуырда ғана «Ясауи университетінің хабаршысы» философия, тарих, педагогика, филология бағыттары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын басылымдар тізіміне енді. Бұл – қайсыбір университет үшін де үлкен жаңалық! Әрине, осынау істе журнал келбетін жаңартып, сапасын жақсартып, жарияланатын материалдардың мазмұны мен формасын жаңа қалыпқа салып, ғалым-авторлардың санын көбейтуде университет ректоры Болатбек Әбдірасілов пен оқу орнының ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президенті Камалбек Беркімбаевтың еңбектері зор болғанын айта кеткен абзал.

Б.Серделі



Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

ЕЛБАСЫ ҚОРЫНЫҢ ҚОЛДАУЫ БІЗДІ ЖІГЕРЛЕНДІРДІ



Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Қоры – білімді, талантты студенттерді қаржылай ғана емес, сонымен қатар рухани мотивациялық қолдауға да ие. Осы мақсатта, ҚР Тұңғыш Президенті Қорының да-

рынды жастарды қолдау үшін ұйымдастырылған конкурста қатысып, стипендияның біріне ие болдым.

2018 жылғы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының стипендианттарын марапаттау Алматы қаласы Тұран университетінде өтті. Қазақстанның түрлі жоғарғы оқу орындарынан жиналған Елбасы Қорының стипендия жеңімпаздары бір-бірімізбен таныса отырып, пікір алмастық. Марапаттау іс-шарасы «Қазіргі Қазақстанда ғылымның инновациялық дамуы мен сұранысы» атты XII халықаралық ғылыми конференцияның ашылуында, салтанатты түрде куәлік табысталды.

Мектеп қабырғасында көптеген жастар арасындағы олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болғанмын. Бірақ, бәрінен бұрын менің шығармашылық қабілеттерім университетте жандана бастады. «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының студентімін.

Иван КЛИМЕНКО,
4-курс студенті

көптеген ғылыми-теориялық конференцияларға, республикалық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп, оқу ордамыздың қоғамдық өміріне де белсене ат салысып келемін.

Елбасы Қорының стипендианты атанғанда менің бойымды болашаққа деген сенімділік пен ертеңгі күні халық пен мемлекет алдында жауапкершілік күші биледі. Елбасы Қоры тарапынан мұндай қолдауға ие болу әр студент үшін үлкен жетістік.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорына және іс-шараны жоғарғы дәрежеде өткізген ұйымдастырушыларға алғысым шексіз. Елбасы қорының жастарды қаржылай қолдауы – «Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» деген қазақтың жақсы бір мақалына негізделгендей. Талантты студенттерді қолдау, ол еліміздің ертеңіне инвестиция салғанмен тең деп ойлаймын.

Ел болашағы – ол біздің жастардың қолында!

Иван КЛИМЕНКО,
4-курс студенті

БІЛІМ АЛУҒА БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

Халқымыз қашан да жастарға үлкен сенім артқан. Жастарды елдің ертеңгі болашағы деп есептеген. Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында: «Келесі жылды жастар жылы деп жариялап, іс-шаралар өткізу керек, оған біздің тәжірибеміз бар. Жастарымызды, Қазақстанның болашағын әр салада қолдауымыз керек - деді. Біздің білім ордамызда да студенттердің білім алуына барлық жағдай жасалған. Жанға жайлы жатақханалар мен спорт кешені, оқу корпустары, кітап қорына бай кітапхана студенттер игілігі үшін қызмет жасауда.



Мен 2016 жылы оқу ордамыздың Медицина факультетінің студенті атандым. Университеттің ғылыми, мәдени өміріне белсене араласамыз. Университетте және басқа да алыс, жақын шетел ЖОО өтетін ғылыми семинар, конференция, конгресстерге, дөңгелек үстелдерге, пікір таластарға және симпозиумдарға жиі қатысамын. Қазақстан Медицина Жастар Ассоциациясының мүшесімін (KazMSA Kazakhstan medical students association). Өткен 2017-2018 оқу жылында Медицина факультетінің студенттік ғылыми қоғамын құрдым. Студенттік ғылыми қоғам – медицина факультетінің ғылыми, ғылыми-техникалық, инновациялық саясатын қалыптастыру және жүзеге асыру аясындағы жас ғалымдар мен ерікті студенттер қоғамы болып табылады. Сонымен қатар Түркістан облысы «Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығында» ерікті студент ретінде сабақтан тыс уақытта жұмыс жасаймыз. Медицина факультетінде құрылған «Veritas-IKTU» хирургиялық клубының белсенді мүшесімін. Өткен оқу жылында университетте «Заманауи медицина: дәстүрлер мен инновациялар» атты I Халықаралық жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастырдық. Конференцияға алыс және жақын шетел ЖОО жас ғалымдары қатысты. Жиын барысында Қазақстанның медицина саласындағы жаңа тың идеялары мен инновациялық технологиялар таныстырылды. 150-ге жуық ғылыми жобалар қорғалып, жинақ шықты.

Университет ректоры атынан «Үздік Жас ғалым - 2018» дипломымен және Алғыс хатпен марапатталдым. Сонымен қатар 2018 жылы «Мосты согласия» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен «Жас қыран» Республикалық талантты студенттердің 1-ші кітап жинағына ендім.

Жуырда ғана «Түркістан облысы жастар премиясы» конкурсында «Үздік Жас ғалым» номинациясын жеңіп алып, қаржылай марапат пен облыс әкімі атынан дипломмен марапатталдым. Білім шығына жетелеген оқытушы-профессорларға, білім алуға зор мүмкіндік жасаған университетіме алғысым шексіз.

Шамсудин ҚАНАТҰЛЫ,
3-курс студенті

АДАМДАР БІР-БІРІМЕН ТЕҢ ӨМІР СҮРЕ МЕ?

Жатақхана. Кіріп-шығып жүрген студенттер. Бірі түсік асқа, бірі кітапханаға, енді бірі кездесуге асығып бара жатыр. Жатақханадағы студенттік өмірдің қызығы мен шыжығына батып жатқан бір жандар. Әне, ана бір қыз мәз-мейрам болып ауылдан әкеле жатқан сыбағасын достарына ауыз толтырып айтып келеді. Жолда кездескен таныстарына ауылдың аппақ құртын үлестіруде. Біршама студенттер өзінің қуанышты сәттерін бастан кешуде. Бірақ... Әттең.. Шіркін, осы жатақханадағы студенттердің бәрі осындай бақытты жандар ма екен? Жо-жоқ, қайдағы бақыт. Адамдар қашан төрт құбыласы тең болып бірдей өмір сүріп еді. Өмір деген алма-кезек дүние. Біреулер жылап, біреулер шыдап жатады.

Осы студенттік шағында еш уайымсыз, күліп-ойнап жүрудің орнына көзіне жас алып тұрмыс тауқиметін тартқан жастардың бірі Баян еді. Баянның мәселесі көпшілікке ортақ секілді. Осы жатақхананың көңілді сәтін Баян ғана бұзып тұрғандай. Оның бүгін көңіл-күйі жоқ. Басы салбыраған күйі көзін бір нүктеге қадап отыр. Оның жас, мөлдіреген көзінде үлкен мұң бар. Ол ішінен өміріне налып, жүрегі қан жылауда. Мұңданып, қайғырып жатқанына не себеп болды екен?! Баянның бүгінгі таңдағы шешімін таппай, қиналып жүргені қалтасының жұқалығы еді. Осы бір ақшаның жетіспеушілігі қаншама кедергі келтірді десеңізші. Тізе берсе, жыртқы жамау тау-сырлар емес. Достарының ұйымдастырған сауық кештеріне де бара алмай жүр.

- Жүрсейші, көңіл көтеріп қайтасың деген құрбыларына: «Жо-жоқ мен ауылға қайтамын» деп сылтау айтты.

Баянмен бір бөлмеде тұратын Жанна өзінің жаңа алған киімдерін қыздарға көрсетіп өуре. Оған көзі түскен Баянның көңілі одан сайын құлазыды. Ескі жараның беті ашылып барады. Өзі болса мектеп бітіргенде алған ескі пальтосын әлі киіп келеді. Қасындағы бауатты, көңілі тоқ қыздарға қызыға қарады. Тіпті быыл жаңа етік алуға да мүмкіндік болмады. Асханаға да амалдап анда-санда барып жүр. Жан досының туған күніне арзанқол сыйлық бергені есіне түссе, еңіреп жылап жібергісі келеді. Төрт жыл бойына тұрмыс тауқиметін тартып келген Баянды алда өндірістік тәжірибе күтіп тұр. Оған да қаражат керек. Өндірістік тәжірибені Алматыға алуды армандаған еді. Қысқа жіп күрмеуге келмей, жоспары аяқ асты өзгерді. Табандылық танытып алған бетінен қайтпайын десе, үй-ішінің жағдайы да мәз емес. Ақшаң болмаса, тойып тамақ та іше алмайсың. Күнделікті жол ақысы, тамағы тағысын тағы кете береді. Осының бәріне де қаражат керек. Шіркін, кім біледі, мүмкін ақылы бөлімде оқымағанда бәрі де басқаша болар ма еді. Анасы азын-аулақ зейнетақысын Баянның оқуына төлейді. Өзінен кейінгі сіңлісінің осыған қарап, оқуға түсе алмағаны жанына батты. Азын-аулақ табыспен анасы екі бірдей қызын ақылы бөлімде оқыта алмайтыны анық. Алда әлі талай жоспар бар. Өндірістік тәжірибе, винеткаға түсу, бітіру кешіне киетін киім, диплом...

Соңғы кездері әр нәрсені бір ойлап, басы қатты. Баян қанша таршылық көрсе де, көштің арты болып ілесіп келе жатқанына шүкірлік етеді. Енді ең бастысы бітірген соң дипломы сандық түбінде жатпай, жұмысқа тұрса ғой. Ешқандай да танысы да, ақшасы да жоқ. Әйтеуір бар ауыртпашылық Баянның басынан кетпей қойды. Осылай ойға шомып тұрғанда Баянды іздеп сіңлісі келді. Ауылға бармағалы үш апта уақыт болған еді. Бірін-бірі сағынып қалыпта. Баян алай-дүлей болып тұрған ішкі сезімін білдірмеуге тырысты. Жамал болса қуанышты хабармен келіпті. Қуанғаннан жылап жіберді. Баян арманына айналған Алматыға баратын болды. Бұл күн неткен керемет еді. Өмір қандай қызық! Баян сіңлісі Жамалды құшағына қысып, шексіз алғысын айтты.

Баянның несібесі болса керек. Анасының қолына қомақты қаражат түсіпті. Мектеп жасындағы 4 баласына 6 айға жиналған балаларға арналған атаулы әлеуметтік көмек алды. Анасы Жамалдан Баянның жол-қаражатына, киіміне қажетті қаражатты беріп жіберіпті. Қуаныштан басы айналған қыздың ойы шартарапқа шарлады. Ертең тобының қысқы сессияның бітуіне байланысты жасайтын отырысына қатысады. Ең бастысы ару қала Алматыға баратын болды. Жаннаның жаңа киіміне байғазы берді. Сіңлісі Жамал екеуі асханаға қарай бет алды. Әп-сәтте бөлменің іші жарқырап, жатақхана студенттік өмір қызық болып көрінді.

Ия, өмір деген қызық. Кеше ғана жабырқау болған көңіліне еш нәрсе жұбаныш болмай тұр еді. Ал, бүгін бақыттан басы айналды. Өмір кезек. Бір мезетте қуанышқа бөлеп, келесі бір сәтте тығырыққа тіреп жататыны қандай өкінішті!

Жатақхана. Түнгі сағат он екі. Баян екі аптадан бері енді ғана алаңсыз тәтті ұйқыға батып, түсінде Алматыда жүргенін, қолына қызыл диплом алғанын, бітіру кешінде ең әдемі киіммен құлпырып жүргенін көріп жатыр.... Ертең Баян үшін жаңа өмір басталады.

Қыр қызы

GAZETİN TÜRK TİLİNDEĞİ QOSYIMŞASY



Türkiye'deki üniversitelerle ikili işbirliği

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız ile Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, üniversitemizin Türkiye'deki üniversitelerle ikili işbirliklerini geliştirmek, ortak faaliyetler yapmak, ortak bilimsel çalışmaların yapılmasının desteklenmesini sağlamak, öğrenci ve akademisyen değişimleri ile bilimsel etkinlikler kapsamında, 4-7 Ocak 2019 tarihleri arasında üniversiteler arası ilişkileri geliştirmek amacıyla Türkiye'de işbirliği protokolü yapılan üniversitelere bir dizi ziyaret gerçekleştirdiler.

Ziyaretlerine İstanbul Medeniyet Üniversitesi ile başlayan Başkan Yıldız ve Rektör Vekili Tomar, Rektörlüğe yeni atanan Prof. Dr. Gülfettin Çelik'e hayırlı olsun ziyaretinde bulunarak 9-13 Ekim 2018 tarihinde iki üniversitenin Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesi'nde ortaklaşa düzenlediği, Uluslararası Avrasya Göç Sempozyumu ile başlayan ilişkilerin her alanda genişletilerek sürdürülmesi hususunda görüş birliğine vardılar.

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız ile Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, İstanbul 29 Mayıs Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Mustafa Sinanoğlu'na bir ziyaret gerçekleştirdi. Rektörlük görevine yeni atanan Prof. Dr. Mustafa Sinanoğlu'nu Üniversitemiz adına tebrik etmek üzere yapılan ziyarette iki üniversite arasındaki mevcut anlaşmaların yenilenmesi, geliştirilmesi ve her alanda işbirliği yapılması hususunu görüştüler.

Milli Savuma Üniversitesi'ni de ziyaret eden Başkan Yıldız ve Vekili Tomar, Rektör Prof. Dr. Erhan Afyoncu'yu ziyaret ederek, iki üniversite arasında yapılabilecek ortak işbirliği faaliyetlerini tespit etmek için görüş alışverişinde bulundular.

Mütevelli Heyet Başkanı Yıldız ve Rektör Vekili ziyaretlerini Fatih Sultan Mehmet Vakıf Üniversitesi ile sonlandırdılar. FSM Vakıf Üniversitesi Rektör Prof. Dr. M. Fatih Andı'nın makamında gerçekleşen görüşmelerde, iki üniversite arasındaki mevcut anlaşmaların yenilenmesi, geliştirilmesi ve her alanda işbirliği yapılması hususunda görüş birliğine varıldı.



Ahmet Yesevi Üniversitesi "IV GreenMetric" Dünya Üniversiteleri Arasında İlk 500'de

Ahmet Yesevi Üniversitesi "GreenMetric" (UI GreenMetric World University Ranking), üniversiteleri arasında ilk 500'e girmeyi başardı.

Dünyanın saygın üniversitelerin katıldığı, çevre bilinci konusunda küresel farkındalık yaratmayı amaçlayan bir platform olan GreenMetric, her yıl farklı ülkelerden pek çok üniversitenin altyapı, enerji ve iklim değişikliği, atıklar, su kaynakları, ulaşım ve eğitim gibi alanlarda puanlanmakta ve bu değerlendirmelerden aldıkları toplam puanlara göre sıralanmaktadır.

Üniversite kampüslerini dünya çapında değerlendiren GreenMetric platformu, Endonezya Üniversitesi tarafından 2010 yılında kurulmuş ve her yıl katılımcı üniversitelerin derecelendirmesini yapmaktadır. "IV GreenMetric" 2018 Dünya Üniversiteleri derecelendirmesi, 19 Aralık 2018 tarihinde Cakarta'da gerçekleştirilen etkinlikte belirlendi. Türkiye, ABD, Avrupa, Japonya, Yeni Zelanda ve Rusya üniversitelerinin de yer aldığı GreenMetric" sıralamasında Ahmet Yesevi Üniversitesi 499. sırada yer aldı.



BÜYÜK BOZKIRIN YEDİ UNSURU ve BOZKIR KÜLTÜRÜ

Kazakistan Cumhurbaşkanı Sayın Nursultan Nazarbayev'in "Büyük Bozkırın Yedi Unsuru" adlı çok mühim makalesi, Kazakistan ve Türk Cumhuriyetlerinin bağımsızlıklarını kazandıkları yıllarda, henüz bir tarih öğrencisiyken okuduğum, Prof. Dr. İbrahim Kafesoğlu'nun "Bozkır Kültürü" adlı kitabını hatırlattı bana. Sayın Nazarbayev'in bu makalesi, son yıllarda bir devlet adamının kaleme aldığı Türk tarihi ve birliği ile ilgili yazılmış en dikkat çekici yazı olarak bütün Türk Dünyasında ve Türkiye'de yankı buldu ve kendisine verilen "Türk Dünyasının aksakalı" ünvanının ne kadar haklı olduğunu bir kez daha gösterdi. Makalenin ana teması Türklerin bu bozkırlarda binlerce yıl önce kurdukları otantik medeniyetti.



yolu Büyük Bozkır'ı boydan boya geçmekteydi. Türk hakimiyetindeki Büyük Bozkırdan geçen İpek yolu, çok eski çağlardan beri, bazen bugün bile yapamadığımız bir şeyi gerçekleştirerek, Doğu-Batı arasındaki iktisadi ve kültürel ilişkileri sürekli kılan bir köprü niteliğindedir.

Tarihe etki eden iki önemli bitki elma ve lale yine bu Büyük Bozkır'ın insanlığa hediyesiydi. Bugün bütün Dünyada en çok yetiştirilen ve tüketilen meyvelerden olan, yüksek ideal ve hedefler anlamında Türk tarihinde siyasi bir sembol haline de gelen "kızıl elma" bu topraklardan İpek Yolu güzergâhıyla önce Akdeniz'e ve oradan bütün Dünyaya yayılmış, yine Osmanlı Döneminde bir devre adını veren; Türk Hollanda ilişkilerinin sembollerinden ve Türk kızlarının isimlerinden olan lale de bu bozkırdan neş'et etmiştir.

Türklerin Bozkır'da oluşturduğu bu büyük kültür onların torunları olan bizlere ne gibi görevler yükliyordu?

Makalede de ifade edildiği üzere ilk yapmamız gereken şey tarihimizi bilimsel olarak en eski devirlerden itibaren öğrenmek, ortaya koymak ve gelecek nesillerimize öğretmektir. Zira meşhur Latince vecize de söylendiği gibi "Bilgi güçtür". Bu nedenle tüm Dünyadaki tarihsel kayıtlar taranarak Türk tarih ve kültürüne ait unsurlar dijital ortama aktarılmalı ve ölümüneleştirilmelidir. Büyük Bozkır'ın Kültegin, Farabi, Ahmet Yesevi, Baybars, Abılay, Kenesarı ve Abay vs. gibi önemli simaları hem sanatsal eserler, heykeller, resimler yoluyla tanıtılmalı hem de bunların hayatları ve eserleri hakkında kitaplar yayımlanmalıdır. 2019 yılında Astana'da düzenlenecek Dünya Türkologlar Kongresi, Türk Halkları Kültür Günleri'nin düzenlenmesinin yanısıra bir elektronik Türk Halkları Ansiklopedisi hazırlanmalıdır. Bozkırdan neş'et eden Türk Dünyasının edebiyatı, folkloru ve müziği kaydedilerek tüm Dünyaya tanıtılmalı, bu büyük tarih ve kültür günümüzün etkili araçlarından olan sinema vasıtasıyla geniş kitlelere ulaştırılmalıdır. Makaledeki teklifler ve ödevler özette bunlardır.

Bir Türk tarihçi olarak sayın Nazarbayev'in makalesindeki teklifler ve ödevler önünde ancak şapka çıkarılabilir. Gerçekten bu makale Türk Dünyası ile ilgili çalışanların hislerine tercüman olmuştur. Türk Dünyasının aksakalı ünvanlı bir devlet başkanının sadece Kazakistan için değil bütün Türk Dünyası için çizmiş olduğu bu yol haritası önümüzdeki yıllar için hepimize rehber olacaktır. Bu makalede zikredilen teklifler hayata geçirildiğinde Türk Dünyasına yapılacak olan en önemli hizmetlerden olacak ve yüzyıllar boyunca şükranla anılacaktır.

Prof. Dr. Cengiz Tomar
Ahmet Yesevi Üniversitesi
Rektör Vekili

Bütün Türk Dünyasının ataları Sakalar, Hunlar ve Göktürkler bunlardan binlerce yıl önce bu bozkırlarda bir medeniyet kurmuşlardı.

Sayın Nazarbayev bu makalesinde tarihe doğrusu yanlışla bir bütün olarak bakmamız, seçmeci davranmamız, konjonktürel bakmamız, zaferlerimiz kadar hezimet ve acılarımızı da unutmamamız, diğer halkların rolünü küçümsememiz, bilimsel olgu ve verilere istinad ederek genel Dünya tarihindeki yerimizi soğukkanlı ve objektif olarak ele almamız gerektiğini ifade ederken, aslında modern tarih usulünün tüm gereklerini sıralıyordu.

Neydi bu Büyük Bozkır'ın ya da Bozkır Medeniyetinin yedi özelliği?

Bilimsel verilere göre Türk kültürünün en önemli unsurlarından olan at ilk olarak bu bozkırlarda atalarımız tarafından evcilleştirilmiş, atın evcilleştirilmesine ilave olarak ok, yay, mızrak, kılıç ve zırhla, yani dönemin Bozkır'daki madencilik teknolojisi ile mücehhez atlı süvariler bilinen Dünyanın büyük kısmını fethetmiş ve büyük bir devrim yapmışlardır. Türkler ata binmek için pantolonu, çizmeyi, eğer ve üzengi ile at üzerinde ok atmayı ve zırhı icat etmişlerdir. Ünlü Amerikalı teknoloji tarihçisi Prof. Dr. Lynn T. White, "Ortaçağ Teknolojisi ve Sosyal Değişim" adlı eserinde Türklerin üzenğiye bulmasının o zamanın en önemli teknolojik devrimi olduğunu ve bu sayede at üzerinde arkaya dönüp ok atabilen çevik Türk süvarilerinin Asya'dan Avrupa ve Afrika'ya kadar ordularında hakim güç haline geldiklerini kaydetmiştir. Nitekim Abbasiiler, Karahanlılar, Gazneliler, Selçuklular, Memlükler ve Osmanlılar'da ordunun temel vurucu gücünü, ateşli silahlar ortaya çıkana kadar, bu Türk süvariler oluşturmuştur.

Bozkır kültürü sadece maddi ve teknolojik unsurlardan oluşmaktaydı. Bunun bir de ruhani-manevi yönü vardı. Bilinen ilk Türk-İslam filozofu Ebu Nasr el-Farabi'nin doğduğu Otrar şehri, üniversitemizin bulunduğu ve bütün Türk Dünyasında manevi etkisi bulunan Hoca Ahmed Yesevi babamızı yetiştiren ve etkisini tüm İslam-Türk Dünyasına ulaştıran Yesi yani Türkistan şehri bu bozkırın önemli medeniyet merkezlerinden sadece bir kaçıydı.

Günümüzde tekrar ihya edilmeye çalışılan "Büyük İpek Yolu" tarihin bilinen en önemli ticaret yoluydu. Çin, Hint, Fars, Akdeniz, Ortadoğu ve Balkanlara uzanan bu ticaret

Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyine ziyaret

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız ile Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi Genel Sekreteri Baghdad Amreyev'i ziyaret etti. Ziyarete Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi Genel Sekreter Yardımcısı Dr. Ömer Kocaman ile Proje Direktörleri Ali Çiviler ve Yıldız Uzakova da eşlik etti.

Ziyarete bu yıl Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi Türk Üniversiteler Birliği dönem Başkanlığının Ahmet Yesevi Üniversitesine geçmesi nedeniyle Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi ile yapılacak ortak faaliyetleri görüşüldü.

Ziyaret sonunda Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi Kütüphanesine Ahmet Yesevi Üniversitesinin yeni yayınlarından hediye etti. Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi Genel Sekreteri Baghdad Amreyev de Prof. Dr. Musa Yıldız ve Prof. Dr. Cengiz Tomar'a ziyaretleri için teşekkür ederek, plaket takdim etti.



Ahmet Yesevi Üniversitesinde Türkistan Eyaleti Liseler Arası Bilgi Yarışması yapıldı



Türkistan Eyaleti Milli Eğitim Müdürlüğü ile Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından lise son sınıf öğrencilerine yönelik bilgi yarışması yapıldı. Liseler arası bilgi yarışması, öğrencilerin üniversite sınavı öncesinde öğrenim seviyelerini test etmelerine ve öğrencilerinde olan ilgi ve isteklerinin artırılması amacıyla düzenleniyor.

3-6 Ocak 2019 tarihleri arasında yapılan bilgi yarışmasının Üniversitemizin Kültür Merkezinde gerçekleştirilen açılış töreninde Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov ile Türkistan Eyaleti Milli Eğitim Müdürü İsatay Ömirzakulı konuşma yaparak, öğrencilere başarı dileklerinde bulundular. Açılış programından önce öğrencilere üniversite tanıtım fuarı

yapılarak üniversitemizin fakülte ve bölümleri hakkında tanıtım yapıldı.

Türkistan Eyaleti şehir merkezi, ilçe ve köy okullarından lise son öğrenciler katıldığı yarışma 3-6 Ocak tarihlerinde, test, yazılı ve sözlü olmak üzere üç aşamada gerçekleştirildi. Yarışmaya sosyal bilimler alanında 505 öğrenci, sayısal bilimler alanında 498 öğrenci olmak üzere toplam 1003 öğrenci katıldı. Yapılan sınavlar sonucunda dereceye giren öğrenciler belirlendi. Yarışmanın birincilerine ödülleri 6 Ocak 2019 tarihinde yapılan kapanış ve ödül töreninde Rektör Abdrasilov takdim etti.

Törende konuşan Rektör Abdrasilov, bu tür sınavlarda öğrenciler kendilerini test etme imkanı bulduklarını ve üniversite sınavlarına daha iyi hazırlandıklarına vurgu yaptı.

Üniversite Ve Araştırma Kütüphanelerinde İşlevsel Gelişmeler Ahmet Yesevi Üniversitesi Kütüphanesi

Uluslararası bilimsel ve kültürel etkileşimle ortak hedeflerin gerçekleştirilmesinde, fikir ve bilimsel üretim kalitesi ve zenginliğine ulaşmak, çağımızın en önemli kurumsal yükümlülüğü, sektör ve yetkililerin ise temel görev ve sorumluluğu olarak kabul edilmektedir.



Dünyada bilgi ve belgeye dayalı iletişim ve etkileşimler, zengin görüş ve bakış açıları, toplumların kültürlerini ve algılarını geliştirip etkin kılabilen. Özellikle görsel-ışitsel alanın organizasyonu ve interaktif medya alanının etkili kullanımı, bilgi toplu sürecinde temel kamusal araç kabul ediliyor.

21. yüzyıl bilgi toplumu, kütüphanelerin statülerini ve işlevlerini arz ve talepleri ile değişime uğratmaktadır. Özellikle yüksek bilim ve teknoloji üretim ve geliştirme hizmet alanları, elektronik iletişimin aracı olan dijital (smart library technologies) akıllı kütüphane teknolojileri ile donatılmaktadır. Yeni geliştirilen bulut teknolojisi en yalın haliyle hiçbir kurulum gerektirmeyen web

tabanlı uygulamalar ile online depolama hizmetleri, sektörün bilgisayar veri disklerine ortam işlemcileri ile entegre olmaktadır. Veri gönderme ve indirme (import-export) işini bulut teknolojisi ile gerçekleştirmektedir.

Dijital teknoloji ile basılı yayınların hızla elektronik sayısal veriye dönüştüğü çağımızda, kütüphane kavramı ve mekânında da değişimler yaşanmaktadır. Özellikle üniversite ve araştırma kütüphanelerinin statüleri ve faaliyetleri, kurumlar arası etkileşime ve uluslararası standart rekabet yeterliliğine göre çok hızlı değişim göstermektedir.

Bu değişimler gözlemlendiğinde kütüphaneler, paydaşları ile birlikte şehir ve ülke sınırlarını ortadan kaldırmış, küresel sektör etkileşimlerinin tanımlanmış standart iş ve üretim işlevselliğine ulaşmıştır. Özellikle programsal standart uygulamalar bütünlüğüne ulaşan kütüphaneler, veri transfer protokolleri ile veriyi dönüştürüp, her dil ve alfabe ile uyulaştırılmıştır. Artık biliyoruz ki, dünyada yüz binlerce kütüphane internet komutuna bağlı olarak hazır, açık erişim özellikleri ve çok geniş veri kapasitesi ile hem entelektüel birinci el bilimsel veri tabanı hizmeti sunmakta ve hem de ikinci düzey denetimli bilimsel e-yayın arşivi ile bilimsel alan ve alt alanlara bağlanmaktadır. Günümüzde, konu ve ihtisas dijital veri kütüphaneleri ortak ağları, sanal ortamlarda hem ticari hem de serbest olarak erişime sunulmaktadır. Ayrıca üçüncü düzey

atıflı bilimsel bilgi e- yayın ortamları da, bu interaktif kütüphanelerden kullanıcılarına biçimlendirilmiş ve dönüştürülmüş veri ortamı sunucuları ile açık tutulmaktadır.

Fakat bu sanal veri merkezleri insana hizmet sektörü olmasına rağmen eğitim ve öğretim alanını insani değerler ile bütünleştirmekten uzaktır. İnsanların bir arada etkileşim içerisinde birbirinden öğrenerek ve birbirine yardım ederek başarıya ulaşması, paylaşımın insani değerler ile yapılması, birlik bilincini ve etik olguları geliştirmektedir. İnsanın ve bilimin robotlar ile etkileşimi bilgi sayısını ve niteliğini artırsa da duygu ve vicdan körlüğüne yol açma ihtimali de asla göz ardı edilmemelidir.

Günümüzde somut bilimsel ve kültürel etkinliklere özellikle kütüphaneler ve müzeler ortak oluyor. Bilimsel konferanslarda, hizmet içi eğitim çalışmalarında ve diğer kültürel ve sanatsal etkinliklerde modern kütüphanelerin ve müzelerin tanıtımı hedefleniyor. Bilimsel ve kültürel etkileşim organizasyonlarında kurum ve ya kuruluş kütüphane ve arşivleri çok yönlü olarak tanıtılıyor. Türk Cumhuriyetleri Üniversite Kütüphaneleri arasındaki işbirliğinin somut olarak programlandırılması bilimsel ve kültürel bağın sürekli aktif tutulması için önemli ve öncelikli olarak değerlendirilmelidir. Bilindiği gibi kütüphane ve müze ortamlarında ülke kültür köşesi kitaplıkları, kültürel bütünlük paydaşlık köprüsü işlevi görüyor. Bu köşe (pencere) vesilesi ile Kütüphanelerde öğrenciler ve akademisyenler bilimsel ve kültürel anma etkinliklerinde ülkelerinin prestij yayınlarını sergileyerek ve bunlardan yararlanıp sunum hazırlayarak ön görülen iletişim bağlarını geliştirmekte bilimsel kaynakları ve kültürel faaliyetlerini ayrıca pencereleri ile kültürlerarası köprüler, evrensel değerler ile birleşerek ulusal değerlerin özümsemesini, hoşgörü ve paylaşılcılığı yaygınlaştırabiliyor.

Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Türk dünyasından onlarca ülkedeki toplumun yüksek öğrenimine ve kültürel etkileşimine bilimsel nitelikli katkı sunmaktadır. Bu katkıda kütüphane kaynakları ve kültürel faaliyetlerini ayrıca değerlendirmek gerekiyor. Ahmet Yesevi Üniversitesi Bilgi-Belge Araştırma ve Dokümantasyon Merkezi hedeflerine yönelik kütüphane koleksiyonları, kültürel etkinlikleri, öğrenci kulüplerinin faaliyetlerine ve sergilerine sunduğu teşvik ve katılımı ile akademik faaliyetlerin merkez üssü konumundadır. Ahmet Yesevi Üniversitesi Bilgi-Belge Araştırma ve Enformasyon Merkezi Kütüphanesi, yenilikçi kütüphane hizmetleri sunmakta, veri tabanı geliştirme ve veri tabanı güncelleme çalışmaları ile koleksiyona erişim kalitesini artırmaktadır.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesi Kütüphanesi; bilimsel çok dilli elektronik veritabanı özel araştırma odaları, ihtisas kitapları, kafeterya ve ücretsiz internet imkânları ile üniversitede akademik hayatın ve günlük yaşamın bir parçası

olarak dinamiktir. Özellikle yapılan bilimsel ve kültürel etkinliklerdeki kaynak katkısı ile Türk dünyası değerlerinin öğrenilmesi ve temsilinde doğal bir katkı sunucu işlevi görmektedir.

Bilgi ve belge hizmetlerinde toplam kalite esas alınarak yapılacak olan teknolojik yenilikçilik (inovasyon), akademik ve bilimsel faaliyetlerin uluslararası değerini artırabilecektir. Çağımızda belge ve bilgi merkezi olarak adlandırılan basılı ve e-yayın kapasite ve yeterliliğine sahip akıllı kütüphaneler, ürettileri bilimsel belge ve arşiv hizmetleri ile akademik sektör başarısında katkı sunucu güç olabilmektedir.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Kütüphanesi, başta Türkiye Cumhuriyeti ve Kazakistan Cumhuriyeti olmak üzere, Türk dünyası üniversiteleri ile etkili iletişim ve işbirliği çalışması içersindedir. Kazakistan'ın Türkistan Şehri'nin Güney Kazakistan Eyaleti Başkanı olması ile Ahmet Yesevi Üniversitesi, şehrin bütün bilimsel ve kültürel çalışmalarına başarı ile ev sahipliği yapmaktadır. Ayrıca, "manevi yenileşme" ve çağdaş kalkınma çalışmalarına da katkı sunmaktadır.

Türk dünyası kuruluşları, üniversite ve araştırma kütüphaneleri ile daha fazla işbirliğini faaliyet hizmet yelpazesinde kabul etmelidir. Ahmet Yesevi Üniversitesi Bilgi-Belge Araştırma ve Enformasyon Merkezi Kütüphanesi, iyi bir bilimsel gelecek için dijital çağda Üniversitenin stratejik planına uygun hedefleri başarma yeterliliğine sahiptir. Elektronik veri tabanı alt ve üst yapısını geliştirme çalışmaları süreklilik arz etmektedir. Türk dünyası e-yayın veri tabanı çekirdek yapısını modelleme çabası içerisinde olan Ahmet Yesevi Üniversitesi Bilgi-Belge Araştırma ve Enformasyon Merkezi Kütüphanesi, Üniversitenin akademik ve bilimsel faaliyetlerini daha üstün performans ile desteklemek için uluslararası standart uygulamalar ile bütünleşme çalışmalarını sürdürmektedir.

Cengiz ASLAN
Kütüphane Koordinatörü

ӘЛЕУМЕТ

МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУ ТАЛАПТАРЫ ӨЗГЕРДІ

ҚР Білім және ғылым министрлігі магистратура және докторантураға оқуға түсу ережесіне қатысты мәлімдеме жасады.

Магистратураға гранттар келесі жылдан бастап үміткерлердің бірыңғай емтиханының қорытындысы бойынша бөлінетін болады. Осыған дейін магистратураға гранттар жоғары оқу орындарынан тағайындалып, өздері тапсырма дайындап, емтихан өткізіп, түсу туралы шешімді өздері қабылдады. Енді магистратураға іріктеу GMAT форматы бойынша бірыңғай емтихан арқылы өтеді. Яғни үміткерлер Ұлттық тестілеу орталығы дайындайтын кешенді тест тапсырады. Тест нәтижелері бойынша саралау жүргізіліп, жоғары балл жинаған талапкерлер грант иеленіп, ерікті түрде өзі жоғары оқу орнын таңдайтын болады. Осылайша, "грант магистранттың соңынан ереді" деген қағида жүзеге асырылады. Бұл университеттер бәсекесін арттырып, гранттардың ашық және әділ таратылуына септігін тигізеді.

Магистратура талапкерлеріне нақты білім беру бағдарламаларының тобын көрсету қажет. Сондай-ақ талапкерлер шет тілін тапсырады (осыған дейін де солай болған) және 2 салалық пән бойынша тестілер тапсырады. Докторантура форматында үлкен өзгеріс жоқ. Талапкер докторантураның салалық пәні бойынша қай оқу орнына түссе, сол жерде, сол университетте емтихан тапсырады, сонымен қатар шет тілін меңгергенін растайтын сертификат ұсынады. Мұндағы басты өзгеріс – енді докторантураға түсу үшін халықаралық сертификат (IELTS, TOEFL және т.б.) талап етіледі. Докторантура талапкерлері үшін шет тілі бойынша тестілеуді енді Ұлттық тестілеу орталығы өткізбейді.

massaget.kz



ТҮТІНГЕ ТҰНШЫҚҚАН ТҮРКІСТАН



Түркістан түтінге тұншығып тұр. Әр үйдің мұржасынан будақтаған көк түтін қаланы қалың тұманға көмеді. Түтіннің иісі қолқаны қауып, тамақты қырнайды. Жаз, күз мезгілінде ректораттың жоғары қабаттарынан қала алақандағыдай көрінетін. Қожа Ахмет Ясауи мешіті, бірнеше биік ғимараттар мен тұрғын үйлерді айқын көрінетін. Қыс басталғаннан бері терезеден таяқ тастам жерді көру мұңға айналды. Себебі, қалың түтін қаланың көркін бұзып тұр. Қала тұрғындары көгілдір отынға қол жеткізе алмай келеді. Көмір жағып, күл шығарудан шаршаған тұрғындар табиғи газдан үмітін үзбей келеді. Ертелі-кеш серуен құру мүмкін емес. Әсіресе, балаларға обал. Есік-терезесі қымтаулы үй ішінде отырады. Бір мезгіл таза ауамен тыныстасын десең түтінге тұншыққан ауаның сиқы анау. Таңертең сабаққа бара жатқанда, кешкілік үйге қайтқан уақытта түтінге тұншығып жүргендері. Тұрғындар таза ауамен демалатын күнді асыға күтеміз. Елбасы жарлығымен Түркістан қаласы облыс орталығы болып жарияланды. Қала күннен-күнге көріктеніп келеді. Енді алдағы уақытта қала тұрғындарының арманына айналған табиғи газ мәселесі де шешімін табар деген ойдамыз.

Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ

СПАРТАКИАДА САҢЛАҚТАРДЫ САРАЛАЙДЫ

Жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша университетіміздің оқытушы-профессорлары мен қызметкерлері арасындағы факультет аралық спартакиада өтіп жатыр. Спорттық сайыс ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасын қолдау мақсатында ұйымдастырылып отыр. Спартакиаданың ашылу рәсімінде сөз алған университетіміздің I вице-президенті Жәңгіз Томар мен оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице президент Өмірбек Үмбетов сайысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатын көздеген оқу ордамыздың профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері өздерін білім мен ғылымда ғана емес, спортта да мықты екендіктерін көрсетуде.

Спорт клубының ұйымдастыруымен өткізілетін спорт додасына «Дене тәрбиесі» кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы төрелік ететін болады. Спартакиаданың қорытындысы туралы алдағы уақытта хабарлайтын боламыз.



Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Қоғаммен байланыс бөлімі:
Бекжігіт СЕРДӨЛІ
aksari@mail.ru

Тілшілер:
Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru

Сүлеймен ДОҒАН
dgn_s8@hotmail.com

Дизайнер:
Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото мамыны: Мұхамедәлі ШЕРІ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның қозғалысын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru